Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

**О. Хасанбоева, М. Иноятова,
А. Нематова**

ӘДЕПНАМА

Жалпы орта білім беретін мектептердің
2-сыныбына арналған оқулық

Төртінші басылуы

Өзбекстан Республикасы
Халыққа білім беру министрлігі
бекіткен

«O‘zbekiston milliy ensiklopediyasi»
Мемлекеттік ғылыми баспасы

Ташкент — 2018

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

УЎТ: 177=512.122(075.2)
КБТ 74.200.51
О-31

Пікір жазғандар: **М. Қуронов** — педагогика ғылымдарының докторы;
З. Замонов — ӨзМӘТУ докторанты;
Н. Рузибоева — Ташкент қаласы Үштөбе ауданындағы 62-мектептің оқытушысы;
Ш. Эгамбердиева — Қашқадария облысы Косон ауданындағы 95-мектептің директоры.

Шартты белгілер:

— бұны біліпал;

— жұмбақты шеш;

— сөздікті дәптеріңе көшіріпал да, мағынасын есіңде сақта;

— мақалдарды жаттапал;

?! — сұрақтар мен тапсырмалар;

? — сұрақтар;

! — тапсырма;

— сабақ аяқталды.

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.

ISBN 978-9943-07-614-3

© **О. Хасанбоева және басқ.**
© **«O‘zbekiston milliy ensiklopediyasi»** Мемлекеттік ғылыми баспасы, 2011,2018.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

I. БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ — ӨЗБЕКСТАН

ОТАН-АНА

Біздің Отанымыз Өзбекстан деп аталады. Оның бұлай аталуы Ата Заңымыз – Конституцияда көрсетіліп, бекітілген. Еліміздің астанасы – Ташкент қаласы.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өзбекстан — Отаным

Қырандайын бұлқынған,
Еркіндікке ұмтылған.
Егеменді нұр тұлған,
Бүгін ғажап құлпырған,
Өзбекстан — Отаным!

Туған айдай арайлы,
Тамсандырған талайды.
Мәпелеген Науаиды,
Жат көрмеген Абайды,
Өзбекстан — Отаным!

Жайна, гүлде, Өзбегім,
Желбіресін өз туың
Туынан биік өзгенің.
Көтерілсін беделің,
Өзбекстан — өз елім!

Үсен Өмірзақов

?!

1. Жоғарыдағы суретте нелер бейнеленген?
2. “Өзбекстан – Отаным” өлеңін оқып, жаттап ал.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Адам баласы туылып-өскен үй, махалла, ауыл-қыстақ және қала Отан ішіндегі кіші Отан болып табылады.

Өзінің кіндік қаны тамған, ата-бабаларының сүйегі жатқан ана топырағын бүкіл әлемде теңдесі жоқ, қасиетті Отан деп санайтын адамның мақсат-мүдделері айқын, сүйініш-мақтанышы жоғары болады.

! “... ана топырағын бүкіл әлемде теңдесі жоқ, қасиетті Отан деп санайтын адамның мақсат-мүдделері айқын, сүйініш-мақтанышы жоғары болады” деген сөйлемнің сипаттамасын үлкендерден біліп ал.

Отаны бардың дәулеті б□□ .

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АТА-БАБАЛАР МҰРАСЫ – БАҒА ЖЕТПЕС МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Біздің еліміз – ұлы ғұламалар, қолбасшылар, ақындар мен ойшылдар отаны.

Біз – отанымыздың даңқын әлемге әйгілеген Әбу Райхан Беруни, Әмір Темір, Әлішер Науаи, Мырза Ұлықбек және басқа кемеңгер бабалардың ұрпақтарымыз.

Бізге олардан әдепті, ибалы болу және білімнің артықшылықтары жөнінде құнды пікірлер мұра болып қалған.

?!

1. Еліміздің ежелгі қалаларының аттарын ата.
2. Жоғарыдағы суреттерде кімдер бейнеленген? Үлкендердің көмегімен суретте бейнеленген бабаларымыз туралы біліп ал.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жақсы мінез – жақсылықтың белгісі.

Әбу Райхан Беруни

Аз-аздан үйреніп дана болар,
Тамшыдан-тамшы жиналып өзен болар.

Әлішер Науаи

Білегі күшті бірді жығар,
Білімі күшті мыңды жығар.

Әмір Темір

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҰЛЫ БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ІСТЕРІ

Хұсайынның тілегі

Ұлы бабаларымыз өз білімдерін ұдайы жетілдіріп отыруға қатты көңіл бөлген. Отандасымыз Әбу Әли ибн Сина 10 жасқа келгенінше математика, логика, геометрия ғылымдарына қатысты білімдерді үйренген. Оның шын есімі — Хұсайын, Бұхара қаласына таяу жердегі Афсона қыстағында туылған.

Аңыздарға қарағанда, Хұсайын 17 жасқа толған кезде Бұхараның әмірі Нух ибн Мансұр қатты науқастанып қалады. Хұсайын оның науқасын емдеп жазады. Сонда әмір одан: “Не қалайсың?” – деп сұрайды. Жас Хұсайын әмір Нух ибн Мансұрдың кітапханасында құнды кітаптар мен қолжазбалар көп екенін жақсы білетін еді. Ол әмірден сол кітаптарды оқып, пайдалануға рұқсат сұрайды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Әбу Әли ибн Сина шәкірттеріне жазып қалдырған өсиеттерінде 18 жасқа дейін алған білімі өмірінің соңына дейін жеткенін айтып кеткен.

Әдепті, білімді де ақылды, еңбексүйгіш, иманды перзент тек ата-анасының ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғамның да ең үлкен байлығы болып табылады.

?!

1. Жоғарыдағы әңгіме негізінде кітаптың адам өмірінде иелейтін орны жөнінде пікір білдір.
2. Ең жақсы көретін кітабың қайсы?
3. Әбу Әли Ибн Сина шәкірттеріне қандай өсиеттерді жазып қалдырған?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

II. ЖАНҰЯ – ҚАСИЕТТІ ОРЫН

АТА-АНА — ҒАЗИЗ ДЕ ҚҰРМЕТТІ

1. Қайсы суретте перзенттік әдепке тура келмейтін көрініс бейнеленген?
2. Суреттен бейнеленген жанұя мүшелеріне қамқорлық нелерден көрініп тұр?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Перзенттік борыштар
(насихаттар)

- Ата-ананы әрқашан құрметтеу.
- Алғашқы хабар келісімен-ақ ата-ананың алдына жетіп бару.
- Ата-анамен әңгімелесіп, сөйлескен кезде ашуға ерік бермеу.
- Ата-анаға даусыңды көтермеу.
- Ата-ананың рұқсатынсыз саяхатқа, шықпау.
- Ата-анаға әрқашан қуаныш әкелу.
- Ата-ананы киелі санап, пір тұту, өйткені барша әсемдіктер солардың арқасында келген.

Хұсайын Воиз Кошифи

Борыш — орындалуы тиіс міндет.
Киелі — қастерлі, қадірлі.

?

Ойлап көрші, сен қандай перзентсің?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ОТБАСЫНДАҒЫ МЕНІҢ ОРНЫМ

Аға-іні, әпке-сіңлі қандай болуы керек?

Ей, перзент!

Ағасы інісін, ал әпкесі сіңлісін дұрыс жолға салып, қорғап, қолдап жүруге міндетті. Оларға білмегендерін үйретіп, ашумен емес, тәтті сөзбен дұрыс бағыт сілтеу керек. Оларды жақсы көруге әрекет жасаған жөн. Іні мен сіңлі де аға мен әпкеге құрметпен қарап, ешқандай кемшілікке жол бермеуге, олардан ешнәрсені қызғанбауға әрі күншілдікпен қарамауға тиіс.

Мәтінге көзқарасыңды білдір. Өзіңнің қандай аға немесе қандай әпке екенің туралы әңгімелеп бер.

Ағам – дәулетім,
Інім – сәулетім.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Отбасылық дәстүрлер

Дәстүр деген не? Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа өтетін ереже, салт, әдет-ғұрып және басқа амалдар. Осылардың бір жанұяға тәндігі отбасылық дәстүр болады. Мысалы, бірер өнердің ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, үздіксіз жалғаса беруі, сол әулетке ғана тән ғылым мен білімге, өнерге құштарлық, бірер затты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру сияқтылар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

?!

1. Суреттерде қандай отбасылық дәстүрлер бейнеленген?
2. Отбасының дәстүрлері жөнінде әңгімелеп бер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

КӘРІСІ БАР ҮЙДІҢ ПЕРІСІ БАР

! Суреттерге назар сал. Үлкендерге көрсетіліп жатқан құрмет мен ізет жөнінде әңгімелеп бер!

Үлкен ұл

(*Қазіргі заман ертегісі*)

Бір ауылда шал мен кемпір өмір сүрген екен. Олардың үш ұлы қалада тұратын көрінеді. Кенже ұл мен ортаншы ұл ата-аналарының алдына жиі-жиі келіп тұрады, ал үлкен ұл еш келмейді екен.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Шал мен кемпір үлкен ұлдарын қатты сағыныпты. Көк жүзіндегі бұлттардан, жердегі құмырсқалардан, тіпті құстардан да үлкен ұлға сәлем жолдапты. Үлкен ұл бәрібір келмейді. Ақыры ұлын сағынған ана қалаға аттаныпты.

Ананы немерелері қарсы алады, ол әкелген сүзбе мен құрт немерелеріне ұнамапты. “Бізге анамыз біреудің қолынан ештеңе жемеңдер деген”, – дейді олар. Кемпір бұған қатты ренжиді де, үлкен ұлының жұмыстан келуін де күтпей, ауылына қайтып кетіпті.

М. Убайдуллаева

? Ана не үшін ұлы мен немерелеріне ренжіді?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

III. ӘДЕП – АДАМНЫҢ КӨРІК-КЕЛБЕТІ

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА ӨЗІН ҰСТАЙ БІЛУ ӘДЕБІ

Көше, мектеп, көлік, демалыс орындары, кинотеатр, мұражай және демалыс орындары қоғамдық орындар болып саналады. Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу әдебінің төмендегідей ереже-қағидалары бар: таза киін; айналадағылармен кішіпейіл қарым-қатынаста бол; көлікте үлкендерге орын бер; өзгелерден бірер нәрсе сұрамақшы болсаң, алдымен сәлем беріп, кешірім өтін, содан соң ғана сұрауыңа болады; үлкен жол бойында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақта.

СОЛАҚАЙ

Мына біздің балақай,
Іс қылады солақай.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Кітап-дәптер – көмбеде,
Жаңғақ салар сөмкеге.

Үзілісте басқалар
Асыға есік ашады.
Есік қалып солақай,
Терезеден асады.

Құдайберді Камилов

?! 1. Өлеңдегі жағдайды көз алдыңа келтір. Нені сезіндің? Пікіріңді айт.
2. Солақайдың қылықтарын неліктен дұрыс емес деп санайсың?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

?

1. Суреттерден қоғамдық орындарда өзін ұстай білу әдебінің бұзылғаны байқала ма?
2. Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу әдебі дегенде нені түсінесің?

Тәртіп – атқаратын жұмыстарымыздың әрқайсысын өз уақытында рет-ретімен орындау.

Абдулла Авлони

Екі адамның арасына рұқсатсыз отыруға болмайды.

Хадис



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

КІШІПЕЙІЛДІЛІК ЖӘНЕ ШЫНАЙЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

1. Суреттердің қайсысынан кішіпейілділікті, қайсысынан шынайы қарым-қатынасты көріп тұрсың?
2. Қалай ойлайсың, анасы перзентіне қандай сабақ беріп отыр? Сенің анаң да саған үгіт-насихат айтып тұра ма?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ХИЛОЛА МЕН ЗИЛОЛА

Хилола мен Зилола бір-бірімен көрші тұрады. Хилоланың мінезі шатақтау. Айналасындағылармен дөрекі қарым-қатынас жасайды, менсінбей сөйлеседі.

Ал Зилола мүлдем өзгеше. Баршамен кішіпейіл, шынайы қарым-қатынас жасайды. Сондықтан да оны барлығы жақсы көреді.

Күндердің бірінде Хилола көше бойымен жүгіріп бара жатып, абайсызда шалынып жығылды. Аяғы қайырылып, баса алмай қалды. Зилола оған жәрдемге ұмтылды.

– Ой, досым-ай, тұра ғой қане, маған сүйене бер, – деген Зилола Хилоланың орнынан тұруына көмектесіп, киімдерінің шаңын қақты. Жылы сөздермен құрбысының көңілін жұбатып, үйіне кіргізді.

Зилоланың мәмілесінен Хилола қатты ұялды. Ол да ішінен Зилоладай болуға серт берді.

?

1. Әңгімеден қандай қорытынды жасадың?
2. Қалай ойлайсың, адамның кішіпейіл болуы нелерге байланысты?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. Төмендегі өлеңді оқы. Мазмұнын баяндап бер.
2. Егер қиналсаң, ұстазыңнан көмек сұрауыңа болады:

ЖАҚСЫ СӨЗ

Тән жарасы бітеді,
Тіл жарасы бітпейді.
Тілден азар шеккеннің
Діл жарасы кетпейді.

Жан азығы-ау жақсы сөз,
Одан ділің нәр алады.
Айтқаның жөн тек нақты сөз
Көкейіңде сол қалады.

Дилшод Ражаб

Бидай наның болмаса да, бидай сөзің болсын.

Кішіпейілділік туралы өлеңдер тауып, жаттап ал.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

СӨЙЛЕСУ ӘДЕБІ

Әңгімелесу әдебі қағидалары

♦ Әңгімелесіп отырғанда дауысыңды жоғары көтерме.

♦ Сұхбаттасыңның сөздерін ден қойып тыңда.

♦ Сұхбат кезінде өзіңді мақтай берме.

Дөрекі сөзден сақтан

(Әңгіме)

Бір дөрекі бала бар еді. Әкесі оған әр кез дөрекі сөйлеген сайын үйдің бағанасына бір шеге қағып қоюды бұйырды. Алғашқы күні бала бағанаға он шеге қақты. Екінші күні шеге қағудан қажыған бала дөрекі сөздерін азайтты. Осылайша күн өткен сайын бағанаға қағылған шегелер саны да азая берді. Ақыр соңында бала шеге қағуын тоқтатты. Сонда әкесі: “Әрбір жақсы сөз айтқан сайын шегелерді біріндеп суыра бер”,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

– деді. Бала әкесінің айтқан сөздерін орындады. Ол барлық шегелерді суырып тастаған күні қатты қуанды. Бірақ шегелердің бағанадағы тесіктері жара бас-қандай жаман көрініп тұрды. Сонда әке:

– Ұлым, дөрекі сөздер адам жүрегінде де сондай жарақаттар қалдырады. Көрдің бе, енді бағанадағы тесіктерді жоя алмайсың, – деді.

Сен дөрекі сөйлеуден қалай құтылуға болады деп ойлайсың?

Тән жарақаты жазылады, тіл жарақаты жазылмайды.

Даналар әңгімелесу әдебі туралы

Тәтті сөз зәмзәм суға ұқсайды.

Зәмзәм су қай жерге ағып барса, сол жерден жұпар иісті гүлдер өсіп шығады.

Жүсіп Хас Хажиб

Зәмзәм – таза, мөлдір, қасиетті
Жұпар – сан алуан, әр түрлі хош иіс

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

- Жұмсақ сөйлеуге тырыс.
- Ашық шыраймен әңгімелес.
- Ойланып, толғанып барып сөйле. Ойланбай айтылған сөз опық жегізеді.
- Өзгелер сөйлесіп жатқанда, араға сөз қыстырма, әңгімеге орынсыз килікпе.
- Көп сөйлеп, мылжыңдама. Бұл ақылдың ісі емес.

Хұсайын Воиз Кошифи

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕСУ ӘДЕБІ

Перзенттерім, адамдар әрқашан бірі-бірімен қарым-қатынаста болады. Өзгелердің ділін ауыртпай, көңілдеріне жол таба білген жандар мәдениеті жоғары адамдар болып саналады.

Телефонмен сөйлескенде де адамның мәдениеті байқалады.

Телефонмен сөйлесу қағидалары:

- трубканы көтеріп, “алло” де;
- ар жақтағы адаммен міндетті түрде сәлемдес;
- сөйлесу барысында “иә”, “жарайды”, “мархабат етіңіз”, “кешіріңіз” сияқты сөздерді қолдан;
- бірер жерге өзің қоңырау шалсаң, қысқа да анық сөйле.

“Құп” дегенге не жетсін

(*әңгіме*)

Әнуар аға кәсіптесі Еркін ағаның үйіне телефон соқты. Тұтқадан жас бала-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ның: “Кім керек?” — деген ащы даусы естілді. Атылған оқтай мына дауыстан Әнуар аға есеңгіреп қалды.

— Ассалаумағалейкүм, балақай, әкең үйде ме?

— Бұл кім өзі? Кімсіз? — Ащы дауысты балақай сұрақтарын жаудырды.

Құлағы тұнған Әнуар аға тұтқаны қойғанда бойы жеңілдегендей болды.

Мирвосил Одилов

Намыстану – ұялу, ренжу

1. Балақайдың орнында сен болғаныңда, қалай жауап берер едің?
2. Телефонмен сөйлесу әдебі жөнінде нелерді біліп алдың?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

СЫРТҚЫ КЕЛБЕТ ЖӘНЕ ЖИНАҚЫЛЫҚ

1. Суреттерді сипатта.
2. Жинақы және тәртіпті жолдастарың жөнінде әңгімеле.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жинақылық деген не?

Ең алдымен, жинақылық сөзінің мағынасын біліп алайық.

Жинақы дегеніміз “безендірілген, реттелген, ұқыпты” мағыналарын білдіреді. Яғни бұл – тәртіпке салынған, әрленген, жинақталған деген сөз.

Осындай ерекшеліктерді бойына дарытқан адам жинақы болады. Барлық жақты мұнтаздай етіп жинастыру, ұқыпты киіну, шаш пен тырнақты өсірмей, дер кезінде алып жүру, оқу құралдарын бүлдірмей, таза ұстау – жинақылықтың белгісі.

Тұла бойым – денемді
Жуамын мен жақсылап.
Тырнағымды, тісімді
Тазалаймын ысқылап.

Ұйғын

БЕТОРАМАЛ

Алған кезде дүкеннен,
Едің ғой сен шырайлы.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бұндай халге түсірген,
Мен кешірім сұраймын.

Умаждалып қалтамда,
Көп жүрдің-ау езіліп.
Қарамайсың бетіме,
Ренжігенің сезіліп.

Мейірім сенде барлығы,
Қазір ғана білінді.
Тастай сап ем бір шетке,
Көзіме жас ілінді.

Вали Ахмаджон

? 1. Сенің жаныңнан әрқашан беторамал табыла ма? Оны таза ұстайсың ба?
2. Сыныптастарыңның қайсысының жинақы жүргеніне әуесің келеді?



Пәк денеге д | | | жоламас.

Пәк – таза, бүлінбеген.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЖАҚСЫ ҚАСИЕТ — АДАМДЫҚ ЗЕЙНЕТ

Сабырлылық – тамаша қасиет. Сабырлы болу — ойға алған нәрсенің жүзеге аспай қалуына шыдау, алған беттен қайтпау.

Ұлы ұстаз Ризауддин ибн Фахриддин: “Сабырлы болу, қиыншылықтарға төзе білу — аса пайдалы іс. Бұндай қасиеті бар адам кез келген нәрсеге ренжіп, өз денсаулығын нашарлата бермейді”, — деген.

Балалар, сабырлы болыңдар.

Сабырлы Елік

(мысал)

Шөл далаға тап келген түрлі жануарлар су таба алмай, әбден қалжырады. Олар жабылып құдық қазуға ұйғарды. Ең алдымен Арыстан жұмыс бастады. Бірақ ол шамалыдан соң-ақ шаршап қалды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Екінші болып жер қазу Пілге тиді. Көп өтпей ол да қалжырады. Кезек Керікке, Қасқыр мен Түлкіге келді. Қашанғы қаза берсін, үшеуі де діңкеледі.

Соңғы кезек бәрінен кішкене әрі нәзік Елікке келіп жетті. Ол жіңішке аяқтарымен жерді жайымен ғана қаза берді, қаза берді. Ақыры су шығарды.

Сабырлы Елік әбден шөлдеп, қаталаған аңдарды салқын суға қандырды.

1. Шөл даладағы жануарлар нелік-тен құдық қазбақ болды?
2. Еліктің сабырлы екендігін қалай білдіңдер?

Сабыр ащы, жемісі т□□□□.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЖОМАРТ ТА КІШІПЕЙІЛ БОЛЫҢДАР

?! 1. Мына суретте не бейнеленген?
2. Суретке қарап қызғаншақтықтың жаман әдет екенін түсіндір.

Жомарттық пен сараңдық

Бір данышпаннан:

— Қандай жаман әдет басқа жақсы қасиеттерге тосқауыл болады? — деп сұрайды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Сараңдық, — деп жауап береді ол.

Данышпанға екінші сұрақ қойылыпты:

— Қандай жақсы қасиет басқа жаман әдеттерге тосқауыл бола алады?

— Жомарттық, — депті данышпан.

?

1. Жомарттық — қандай қасиет?
2. Жомарт болу үшін не істеу керек?

Жомарттық — қолдағы барын өзгелермен бөлісу. Ал сараңдық дегеніміз — қызғаншақтық. Сараң адам материалдық көмек сұрай келген адамға ешқандай жәрдем бермейді.

Жомарттық — адамдық қасиеттердің ең жақсысы, ал сараңдық — ең ауыр дерт.

Материалдық көмек — ақшалай немесе заттай жәрдем беру.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Балалар, кішіпейілділік — бірер жұмысты “Мен істедім” деп мақтанбай, “Достарыммен бірге, жақын адамдарымның жәрдемі арқасында орындадық” деу, көрсеткен көмегі үшін үлкен-кішілерге алғыс айту.

Әрқашан кішіпейіл болыңдар, мақтаншақтық жақсы емес.

Менмендіктен аулақ жүріңдер.

Менмен адам өз анасына да ұнамайды.

Кішіпейілге — даңғыл,
менменге — зауал.

Қасиет әжесі отырған бөлмеге кірді.

— Ассалаумағалейкүм, әжетай, ұйқыңыз жайлы болды ма? — деп, әжесінің аяқ жағына келіп отырды.

— Уағалейкүмассалам, аппағым менің! Неге төмен жаққа отырдың? Менің қасыма келші, — деді Мукаррам әже.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Жоқ, әжетай, төр жаққа — сіздің жаныңызға әке-шешем отырады, балалар төменде отыруы керек, — деді Қасиет.

— Өй, айналайын, әдепті қызым-ай! — деген әже нұрланып сала берді.

— Әжетай, әдеп деген не?

— Әдеп адамның кім екенін білдіреді. Сенің үлкендерге сәлем бергеніңді, жылы жымиысыңды көріп, “әжетай”, “апатай”, “әпкешім”, “ағатай” деген сөздеріңді естіген адамдар “Қасиет өте әдепті қыз екен” дейді. Ал егер құрбы-құрдастарыңа жеки сөйлесең, кір-қожалақ киіммен көшеге шығатын болсаң, “әдепсіз қыз екен” дейді.

Қасиет қатты қуанып, орнынан атып тұрды да, әжесін құшақтап екі бетінен сүйді.

Мұхаббат

? Әңгімеден қорытынды шығар: менмендік пен кішіпейілділіктің айырмасы неде екен?

Дана насихат дүрден де қымбат.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ӨЗІҢЕ-ӨЗІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІ ҮЙРЕН

?!

1. Суреттерге шолу жаса.
2. Қайсы жұмыстарды өз бетіңмен орындай аласың?
3. Өзіне-өзі қызмет ету әдебі деген-де нені түсінесің?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Он саусақ

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды...

Өнерлі екен он саусақ:
Қала салсақ, жол салсақ...

Мұзаффар Әлімбаев

Дайын асқа тік қ□□□□ .

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

МЕЙМАНДОСТЫҚ — ТАМАША ҚАСИЕТ

Меймандостық — тамаша қасиет. Қонақты жылы шыраймен қарсы ал. Оның алдына тәттілер, жеміс-жидектер қойып, тағамнан дәм татып отыруды ұсын.

Қонаққа шақырылғанда, шектен тыс аш немесе тоқ болып бармау керек. Қойылған тағамнан жемей отырсаң үй иелері ренжіп қалады.

? Қонақ күту және қонаққа бару әдебі жөнінде нелерді білесің?

Қонақтың құрметтілігі
(аңыз)

Қала әкімінің алдына бір топ тұтқынды айдап келеді. Әкім оларды өлім жазасына кеспек болыпты. Тұтқындардың арасында бір жас бала бар екен. Сол бала әкімге қарап:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Тақсыр, әбден қаталап тұрмын. Су беріңізші, — деп өтінеді.

Әкім балаға су бергізіпті. Бала:

— Ей, тақсыр! Бізді шалғайдан айдап әкелді. Бәріміз де қатты шөлдегенбіз. Егер басқаларға су берілмесе, мен де ішпеймін. Мархабат етіп оларға да су берілсін деп бұйырыңыз, — дейді.

Баланың талабы орындалады. Бала:

— Ей, мархабатты әкім мырза! Суыңызды ішкен соң баршамыз сіздің қонағыңызға айналдық, мәртебелі адамдар қонақтарын өлтірмейді ғой, — депті.

Әкім қаршадай баланың даналығына бас иіп, тұтқындарды азат етіпті.

? Аңызда қонақтың құрметтілігі қалай суреттелген?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚОҒАМДЫҚ ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСУ ӘДЕБІ

Отбасылық шаралар мен салтанатты кештердің барлығы да қонақ күтумен тікелей байланысты.

? Сен қонаққа барғанда өзіңді ұстау әдебін білесің бе?

Тамақтану кезінде шанышқыны пышақ пен сүлгіні және қасықты дұрыс пайдалан:

- Ас пышағын оң қолыңа, шанышқыны сол қолыңа ұста. Пышақ пен шанышқыны тәрелкеге шақыр-шұқыр еткізіп қойма.
- легендегі тамақты қасықпен аударыстырма;
- пайдаланылған қасықты, шанышқы мен пышақты тәрелкеге қой.
- тамақтанған соң қолыңды сүрт.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қолғанат қыз

Бүгін Лоланың үйінде бесік тойы болды. Лола да қонақтарды қарсы алуға қатысты. Олардың қолдарына су құйып, таза сүлгі ұсынды. Тағамдарды тасып, жеткізіп тұруға көмектесті. Бұлардың барлығын да оған сүйікті әжесі үйреткен ғой! Лолаға қонақтар мен оларды күтушілердің өзара мәмілелері қатты ұнады. Қонақ күтушілер: “Қош келдіңіздер!”– десе, қонақтар: “Қош көрдік!”, “Рақмет!” десті. Бесік той өте тамаша өтті.

? Үйреніп алғандарыңнан қандай қорытынды шығардың?



Төменде берілген жеміс-жидектер мен тәттілердің бас әріптерін тауып, оларды қосып оқысаң, үй жиһазының аты келіп шығады.

Д + + + + А +

+ Р + Қ + + . 

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

КИІНУ МӘДЕНИЕТІ

? Ұқыпты киіну дегенде нені түсінесің?

Киімің ұқыпты және таза болсын. Киімдеріңді киім ілгішке іліп қой. Аяқ киіміңді жұптастырып, өзінің орнына қоюды ұмытпа.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

?!

1. Қай кезде қалай киінуді білесің бе?
2. Ата-анаңа көмектескенде қалай киінесің?
3. Мектеп және үй киімдерінің айырмасын айтып бер.

Өзінің жасына, маусымға және баратын орнына сай киіну адамның талғам-парасатын, қандай тұлға екенін білдіреді. Ұл-қыздар ұлттық ерекшеліктерді ескеріп, өздеріне жарасымды, таза да жинақы киімдер киіп жүрсе, олардың мәдениеттілігінің белгісі болып саналады.

!

Қай жерге қалай киініп бару керектігін біліп ал және сол қағидатты сақта. Мектептен қайтқан соң, үй киіміңді киіп ал.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

“ҚОНАҚ КҮТУ” ОЙЫНЫ
(*Практикалық жаттығу*)

Аманбысыз, есенбісіз?

— Есенбісің, аманбысың?
Аманбысың, есенбісің?
Арда басың алаудай,
Демдеп қойған палаудай.
Тіфә-тіфә, тіл-көз тасқа,
Құрбытайым, бармысың?

— Есенбісің, аманбысың?
Аманбысың, есенбісің?
Көздеріміз жолыңда ғой,
Сенсіз, сірә, өтпейді той.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қош келдіңдер, төрлетіңдер,
Құрбытайым, бармысың?

?!

1. “Қонақ күту” ойынын қалай ойнайды?
2. “Өтінемін, алыңыздар”, “рақмет”, “айып көрмеңіз”, “мархабат етіңіз”, “құп болады”, “қош келдіңіздер” ойынын ойнаңдар.

1 М		Й		З				
2 Е	С		Н			С	І	З
3 Й		Г		Р	Т			
4 М		Й			Е	З		
5 А								
6 Н								

Сұрақтар:

1. Қыстығүні қонақ күткенде дастарқанға қойылатын кептірілген жеміс.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

2. Қонақпен көріскен кезде қолданылатын сөз.
3. Жаз бен күзде қонақтың алдына қойылатын қош иісті бақша өнімі.
4. Нан батырып пайдаланатын тәтті тағам.
5. Дастарқанға тартылатын өзбек тағамы.
6. Дастарқанға міндетті түрде қойылатын зат.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

IV. ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУ

ДОСТЫҚТЫ ҚАДІРЛЕЙ БІЛ

Қадірлі оқушылар, достаса білуді тұрақты әдетке айналдырыңдар. Кімде-кімнің достары көп болса, соның абзал қасиеттері көбейеді.

Жаңа достар тапқанда, ескі достардан бас тартуға болмайды. Достыққа қиянат жасағандарды дос деп санамаңдар.

Ақылсыз, жалқау балалармен достаспаңдар, өйткені жағымсыз дерттер жұқпалы болады.

Достан ешнәрсені қызғанбау керек.

Дерт — ауру, кемшілік.

?!

1. Сен өз достарыңа қандай жәрдем бересің?
2. Достасу әдебі жөнінде әңгімеле.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

?!

1. Суретте қайсы ұлттың өкілдері бейнеленген?
2. Біздің Отанымызда қандай ұлттар мен ұлыстар өмір сүреді?
3. Сенің қайсы ұлт өкілдерінен достарың бар? Олар жөнінде әңгімелеп бер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Перзенттерім, барлық ұлттардың балаларымен достасуға ұмтылыңдар. Олар сенің ақылыңа ақыл қосып, жүрегіңе қуаныш ұялатады. Тіл үйренесің. Орыс досыңнан орыс тілін, ағылшын досыңнан ағылшын тілін үйренсең, ал оларға өзіңнің ана тіліңді үйретсең, біліп қой, саған бүкіл әлемнің есіктері ашылады.

....ұлтаралық татулық пен достық, оларды сақтау мен нығайтуға ұмтылу қашан да халқымыздың өзіндік ерекшелігі болып келді және солай болып қала береді де.

Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримов

“Достық ұлт таңдамайды” тақырыбына мәтін құрастыр.



Достық — байлықтан а□□□□.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ДОС ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТАНЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Досыңмен танысқаныңда алдымен жылы шырай танытып, қолын қыса амандас. Есіміңді, қайсы мектепте, нешінші сыныпта оқитыныңды айт.

Сөйлесу барысында оның атын атап, пікір білдіруін өтін.

Доспен кездескенде ашық жарқын сөйлескен орынды.

Піл мен Маймыл

(ертегі)

Өте ерте заманда, сонау алыстағы орманда алып денелі, дүлей күші бар Піл мен кішкентай ғана епті Маймыл екеуі дос болыпты. Піл күн сайын орманды бір айналып, Маймыл досынан хабар алады, ал Маймыл Піл досын алуан түрлі жемістермен қонақ етеді екен.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бір күні Маймыл аяқ астынан жоғалады. Піл оны іздеп-іздеп, бір ағаштың ұшар басында отырған жерінен тауыпты.

— Неге ағаштың басында отырсың? — деп сұрайды Піл.

— Қорқып отырмын, — дейді Маймыл дауысы қалтырай шығып. — Мені Жолбарыс жеп қоймақшы!..

Піл өзінің кішкентай досын ренжіткені үшін Жолбарыстың сазайын тартқызыпты.

Өткір Хашимов

?!

1. Неліктен Пілді Маймылдың нағыз досы деп санайсың?
2. Шын достық пен жалған достықтың айырмасын айт.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТӘРТІПТІ ДЕ ТӘРБИЕЛІ БОЛ

Тәртіпті болу — барлық заттар мен бұйымдарды орын-орнында таза сақтау, оларды барынша өнімді пайдалану. Ал тәрбиелі болу — “Енді не істеу керек?” деген сұрақ туылғанда, мәселені шешудің жолдарын іздеу және оны жүзеге асыру дегені.

? Қоғамдық орындарда өзіңді қалай ұстау керектігін білесің бе?

Таудай бол!

(ата тілегі)

Айналайын балашым,
Аман болсын анашың!
Аман болсын әкең де,
Ағатайың, тәтең де!
Өзің тәтті балдай бол,
Өсіп, өсіп таудай бол,
Өмір жолын таңдай біл!
Оқуда зерек бол,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ұйқыда сергек бол.
Істе көсем бол,
Сөзде шешен бол.
Ойда мәнді бол,
Тойда сәнді бол.
Тұрмыста тату бол,
Әрқашан батыл бол!

Ермек Өтетілеуов

! Тәртіптілік пен тәрбиеліліктің пайдасы жөнінде әңгімеле.

Ұқыпсыз Адиб

(Ертегі)

Бар екен де, жоқ екен, аш екен де, тоқ екен. Қайсы бір заманда Адиб есімді бір бала болған екен. Ол әдепті бала болғанымен, істері бейберекет, қалай болса солай шашылып жатады екен.

Адиб бозбала жасқа жеткенде әкесі оған ағаш шеберлігін үйретіпті. Күндердің күнінде бір бағбан оның әкесінен есік пен көсек дайындап беруді өтінеді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сырқаттанып жүрген әкесі өзінің орнына уақытша ұлын жібереді.

Сонымен Адиб те іске кіріседі. Ал бағбан өз жұмысымен айналысыпты. Ол бұтақ кесетін қайшысын қолына ала бергені де сол, Адибтің айғайы естіледі:

– Атай, бұрғыны көрмедіңіз бе?

Бағбан әр түрлі саймандар арасынан бұрғыны тауып әперіпті.

Содан соң жүзім ағашын кесу үшін енді ғана сатыға шыға бергенінде Адибтің даусы қайта естіліпті:

– Атай, бермен қараңызшы, араны қайда қойғанымды білмей тұрмын?!.

Енді бағбанның қастары жыбырлай бастайды. Бірақ бұл жолы да үндемей, араны іздеуге кіріседі. Ара тақтайлардың астында қалып қойған екен.

Одан соң Адиб сүргіні іздеуге түседі.

Бұны көрген бағбан бұлқан-талқан болып, Адибтің алдына келеді де:

– Есімің Адиб пе, әлде Олақ па? Өз құрал-саймандарыңды қайда қойғаныңды білмей, өзің жұмыс істемейсің, мені де істетпей қойдың. Қане, табаныңды

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жалтырат бұл жерден! Ауруынан айыққан соң әкеңнің өзі келіп бітіреді қалған жұмысты!.. – деп қуып шығыпты.

Сонда ғана Адибтің есіне әкесінің: “Ұқыпсыз болсаң, кейін қатты қиналасың”, – деген сөзі түседі. Адиб бір күрсініп алып, бағбанның үйінен басын салбыратып шыға жөнелген екен.

Толқын Илхомов

1. Ертегіден өзіңе қандай қорытынды шығарып алдың?
2. Неліктен ұқыпты және пысық болу керек? Осыны өз сөздеріңмен түсіндіріп бере аласың ба?

Жоспарлы жұмыс – үнемді жұмыс.

Ұқыпсыз және әдепсіз адам жапырақсыз ағашқа ұқсайды.

Мұхаммед Ысмайыл

Мылжыңдық пен ұқыпсыздық – ақыл-ой кемістігінің белгісі.

“Хикметтерден”

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

МҮЛКІН САҚТАҒАН ҚОР БОЛМАЙДЫ

Мал мен дүние, заттар мен бұйымдар мүлік деп аталады. Үй, қора-қопсы, автомашина, үй жиһаздары, жалпы алғанда, ақшаға сатып алынатын барлық нәрселер мүлік болып саналады. Мүлік адамдарға жақсылық жасау, ата-ананы бағып-күту, перзенттерді дені сау етіп өсіру, оларға білім мен өнер үйрету және сауап істер жасау үшін қажет.

Мал-дүниеге тек адал еңбекпен қол жеткізіледі.

Мал қадірін жомарт біледі

(әңгіме)

Бір кездерде Әндіжан қаласында күшті жер сілкінісі болып, көп адам қаза тапқан. Табиғи апаттан зардап шеккендер үшін мейірім-шапағат қоғамы құрылып, бай кісілерден қаржы жинайды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қоғам қызметкерлері жәрдем сұрап ташкенттік бір байдың үйіне барса, байдың қызметшісі әлі жағылмаған бір тал сіріңке шырпысын қоқысқа тастап жіберген екен. Бай үнемді білмейтін қызметшіні қатты сөгіпті. Сонда қоғам қызметкерлері “Бір тал сіріңке шырпысы үшін қызметшісін осынша сөккен адамнан жәрдем ақша сұрау орынсыз шығар” деген ойға келеді.

Бай олардың өтініштерін тыңдап болып, қалтасынан әмиянын шығарады да, бес жүз сомды үн-түнсіз санап береді. Келгендер байдың мына жомарттығына аңтаң болады. Сонда бай:

— Неге қайран қалып тұрсыңдар? Егер мен сіріңке шырпыларын орынды-орынсыз ысырап ете берсем, бұндай сауапты істерге қалайша қаржы жинар едім, — деген екен.

Мунавварқары Абдурашидханов

Жеті рет өлшеп, бір рет к□□.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ДЕМАЛУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

?

1. Суреттерде нелер бейнеленген?
2. Сенің қандай құқықтарың бар?
3. Құқықтарыңды кім қорғайды?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Еліміздің басты заңы — Конституцияда балалардың білім алуға, демалуға және денсаулығын сақтауға құқылы екендігі кепілденген.

Әділ заң

Барлық адам тең дейді,
Еңбек етсең, Ер дейді.
Тегін білім аласың,
Демалысқа барасың.

Қорға дейді баланы,
Қолда дейді ананы.
Ел тілегі жазылған,
Біздің заң — ең Әділ заң.

Серікбай Оспанов

! Өлеңнен мысал келтіре отырып, өз құқықтарыңды әңгімеле.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ДЕНСАУЛЫҚ — ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ

Уақыттың өте жылдам өтетінін білесің бе? Есіңде болсын, сенің денсаулығың уақытты дұрыс пайдалана білуіңе байланысты.

Денің сау болуы үшін мына төмендегілерді күн тәртібіңе енгізіп қой: ұйқыдан бұрын таза ауада 30 минут серуендеде; әр күні кемінде 8 сағат ұйықта; 2 сағат таза ауада бол; 1 сағат дене еңбегімен шұғылдан; таңертеңгі дене шынықтыруға 15 минут уақытыңды бөл.

Уақыт қымбат

Дәптер қалды ашылып,
Кітап жатыр шашылып.
Шешілмеді мәселе,
Уақыт өтер асығып.
Сағат тілі тықылдап,
Тоғызда дабыл қағады.
Сәлімжан біздің бұрқылдап,
Төсектен зорға тұрады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Еріншек жалқау баламыз
Мойынын әрең бұрады.
—Таңертеңгі жаттығу
Қайда? — деген оңбайды,
Біздің ерке Сәлімжан
“Естімейді” ондайды.
Жарытпайтын сабақты,
Ашпайтын еш қабақты,
Күн тәртібін білмейтін
Бұндайларды мазақ қыл!

Шукур Сағдулла

Мазақ қылу — келемеждеу, ұялту.

?!

1. Өленді жаттап ал.
2. Күн тәртібінің пайдасы не?

Уақытың кетті — бақытың кетті.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚУАНЫШТЫ КҮНДЕРДІ АТАП ӨТ

Сендердің ең қуанышты күндерің Наурыз, Мейіржан, Өнім мейрамдары болса керек, солай ма? Бұл мерекелер несімен ұнайды?

Бұндай мейрамдарда халқымызға тән бауырмалдық, жомарттық, кіші-пейілділік, шынайылық, меймандостық, балажандылық сынды ұлы қасиеттер жарқын көрініс табады.

Наурыз

Жеткен кезде Наурызым жапан дала жаңғырар,
Тұман орап тау басын, аспан үрпі салбырар.
Жансыздарға жан бітіп, әуен билеп маңды бар,
Жер көгеріп, шөп қаулап, мерейін бір қандырар.

Мақтымқұлы

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Отан

Отанды біз атамекен
Деп аялап атаймыз.
Өйткені оны мекен еткен
Бабамыз бен атамыз.

Отанды әркім анасындай
Қастерлейді, қолдайды.
Өйткені Отан баласындай
Бізді асырап, қорғайды.

? Ұлттық мерекелер мен салт-дәстүрлер жөнінде не білесің?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ОТБАСЫЛЫҚ ШАРАЛАР ЖӘНЕ ҚҰТТЫ МЕРЕКЕЛЕР

Туылған күн, той және қонақ күту — отбасылық шаралар.

Сегізінші март

Март — сәуірдің егізі,
Бүгін марттың сегізі.
Ең қымбаты — адамның
Анаға айтар лебізі.

Баланың да тірегі,
Дананың да тірегі,
Шаншымасын ешқашан
Аналардың жүрегі.

Мұрат, мүдде, мақсұтың —
Жақсы күн мен жақсы түн.
Нағыз бақыт ананың —
Ақтау дер ем ақ сүтін.

Қадыр Мырзалиев

! “Анашымның туылған күні” деген тақырып бойынша мәтін құрастыр.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

9 мамыр — Еске алу және қастерлеу күні, адамзат фашизмді жеңген құтты күн.

Бұл күні бейбітшілік жолындағы күресте қаза тапқандарды еске алыңдар. Еске алу алаңына барып, Еске алу кітабынан олардың аты-жөндерін оқыңдар.

Өздерің үшін қадірлі адамдарды қуантудың жоспарын жасаңдар.

Өткен күніңді ұмытпа.



Өткені жоқтың келешегі де ж□□.

?!

1. Сен Еске алу және қастерлеу күнін қалай мерекелейсің?
2. “Бейнеңіз жүрегімізде мәңгі жасайды” деген тақырып бойынша мәтін құрастыр.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АНА ТАБИҒАТТЫ АРДАҚТАЙЫҚ

! Достарыңмен жануарларды қинаудың жаман әдет екені жөнінде әңгімелес.

Табиғат құбылыстары, ағаштар, өсімдіктер, жануарлар мен құстар – табиғат тартулары. Біздің өмір сүруіміз және әсемдіктен ләззат алуымыз үшін табиғат берген сый болып табылады.

Меруерт-лала туралы ертегі

Меруерт-лала бір дәулеті шалқыған бай мемлекет болған екен. Мемлекетті басқарып отырған ханның дүниеде теңдесі жоқ сұлу қызы бар екен. Сол қыз аяқ астынан ауыр кеселге шалдығып, төсек

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

тартып жатып қалады. Оның хал-жағдайын көрген сарай емшісі ханға:

— Хан ием, еліміздің шалғай түкпірінде бір сиқырлы гүл өседі. Оны Мыстан кемпір өз бағына жасырып қойған. Егер қызыңыз сол гүлді иіскесе, құлантаза айығып кетеді, — дейді.

Хан: “Гүлді алып келген адамға қызымды беремін!” — деп жар салдырады.

Асқар таулар етегінде қой бағып жүрген ержүрек жігіт – Батыр ханның қызын ұнатып қалған екен.

Жаршыдан хан қызының сырқаттығы жайында естіген шопан жігіт те хош иісті гүлді әкелу үшін Мыстанның бағына қарай аттанады.

Мыстан кемпір гүлді күзетуді жыландар мен жантақтарға тапсырып, өзі қырық күндік ұйқыға кеткен екен. Батыр шопан бақтың қоршауына таяп келгенде, жанын-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

да жүретін тұрақты серігі — қой қайыратын таяғына тіл бітіп:

— Жыландарды менімен ұр, сонда олар саған жол береді, — депті.

Батыр шопан жыландарды таяғымен айдап салып, баққа кіреді. Ол жантақтар мен шырмауықтарды таяғымен оңды-солды ұрып жүріп бақтың қақ ортасында айналасына алтын нұрын шашып, жарқырай ашылып тұрған гүлді алып, абайлап қана қойнына салады. Қалаға келген соң, ханның емшісіне әкелген гүлін береді. Емші сырқат қыздың қасына барып, хош иісті гүлді оның еріндеріне тигізген екен, мәлике сол заматында көзін ашыпты, хан қызын ержүрек шопанға ұзатыпты. Ал қызын ажалдан алып қалған хош иісті гүлді өз бағында қалдырып, мәпелеп күте бастапты. Содан бері бұл гүл ол ақ болғандықтан Меруерт-лала деп аталады екен.

? Ертегіден сирек кездесетін меруерт-лала жөнінде нелерді біліп алдың?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

V. ЭСТЕТИКА

БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕГІ ТЕАТР

1. Суретте қайсы ғимарат бейнеленген?
2. Қуыршақ театры туралы не білесің?

Қуыршақ театрында

Мерей әжесімен бірге қуыршақ театрына барды.

– Ой-hой, балалардың көптігін-ай!.. – деп таңданды Мерей.

Театрда “Қисық пен Тура” тамашасын көрсетті. Тамашаны көрген Мерейдің қуанышы одан сайын арта түсті. Әйтпегенде ше! Қуыршақтардың әрбір қимыл-қозға-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

лысы мен жай-күйі қолмен басқарылады екен. Өте қызық! Қуыршақтар кәдімгідей қозғалып, сөйлеп тұр ғой!

Мерей театрдан үлкен әсермен оралды. Ол құрбы қыздарына тамашадан нелерді үйреніп қайтқанын әңгімелеп берді.

? Сен қалай ойлайсың, Мерей достарына нелерді әңгімеледі екен?

Эстетика – бірер заттың әсемдігін сезіне білу. Театр да сұлулықты сезінуге үйретеді.

Театрға бару әдебінің қағидалары:

- театрға талғаммен киініп бар;
- театр ішіне алуан түрлі тәтті-дәмділер алып кірме;
- спектакль барысында сөйлесіп отырма.

Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЕРТЕГІЛЕР – ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕР

Қымбатты балалар, сендер ертегілерді өте жақсы білесіңдер. Халық ертегілері бірнеше түрге бөлінеді: тұрмыс-салт ертегілері, жан-жануарлар туралы ертегілер, сиқырлы-аңыздық ертегілер.

Ертегілерде халықтың қалау-тілектері, сан мың жылдық даналықтары мен тәжірибесі бейнеленеді. Ал әділет пен шындық ұлықталады.

Балалар, сендер осы ертегілерден көптеген адамдық асыл қасиеттерді үйренесіңдер. Ол сендерді жақсылыққа жетелейді.

РАУШАНГҮЛ

... Күндердің күнінде бір бақта шөпшаламдар мен дала гүлдері арасында бүршік атқан раушангүл ашылды. Айналасындағы барша өсімдіктер оның сұлулығы мен жұпар иісінен бастары

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

айналып, оған алғыс айта бастады. Раушангүл мына мақтауларды естіген соң менменсіп, ешкімді көзіне де ілмей қойды.

Бір күні раушангүл түс көрді. Түсінде жалғыз өзі шөл далада жатқан екен. Қапырық ыстықтан қатты шөлдепті, бірақ жан-жағында ешқандай су көрінбейді. Раушангүл ә демей-ақ солып, қурай бастапты. Ол қорыққанынан бар даусымен шыңғырып жіберіпті де, өз даусынан оянып кетіпті. Көзін ашып, жан-жағына назар салып, өзіне таңдана қарап тұрған шөптер мен ағаштарға алғаш рет жымиыпты да, оларды шошытып жібергені үшін кешірім өтініпті.

1. Раушангүл нелерді түсінді?
2. Раушангүлдің халіне түсіп қалмау үшін нелер істеу керек?

Ертегілер қиял әлемінің түпсіз тұңғиық аспаны болып табылады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ АДАМ КЕМЕЛДІГІНДЕГІ ОРНЫ

Адам баласы сонау ерте заманнан-ақ сұлулыққа көңіл бөліп, оны суреттер арқылы бейнелеген. Содан барып әлемде бейнелеу өнері пайда болған. Егер сенің бойыңда сурет салуға құштарлық бар болса, оны міндетті түрде дамыт..

Асфальттағы суреттер

Кім танымас көшемізде
Ділшат, Сара, Нұрбектерді.
Асфальт жолда шуылдасып
Сызып жатқан суреттерді.
Уақытша ұмытты олар
Кітап, қалам, дәптерлерді.
Бейнелеуде шар ұстаған
Балаларды, кептерлерді.

Тұрсынбай Адашбаев

? Сен де ана балалар сияқты сурет салуға қызығасың ба?



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТӘРБИЕЛІЛЕР БАЙҚАУЫ
(*Практикалық сабақ*)

Сыныбыңда “Тәрбиелілер байқауын” өткіз.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріп, байқау жеңімпаздарын анықта:

1. Сабақтарда ұстаздың сұрақтарына қол көтеріп жауап беретін оқушы кім?
2. Достарыңның қайсысы “рақмет”, “өтінемін”, “мархабат етіңіз”, “жарайды”, “қайырлы күн” (“күніңіз қайырлы болсын”), “сау болыңыз” сынды сөздерді көп қолданады?
3. Әрқашан өзгелерге көмек беруге дайын тұратын досың кім?
4. Сен көбінесе қай досыңнан өнеге алғың келеді?
5. Саған есіміңді айтып, содан соң өтініш жасайтын досың кім?
6. Байқау жеңімпаздарын құттықтап, өлең, ертегі немесе аңыз әңгіме айтып бер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

1. “Отаны бардың – дәулеті ...” мақалындағы түсіп қалған сөзді белгіле.
   а) көп; ә) жақсы; б) бар.
2. Қай жауапта жанұялық шара берілген?
   а) туылған күн;
   ә) досымен бірге ойнау;
   б) мектепке бару.
3. Эстетика деген не?
   а) әңгімелесу;
   ә) сұлулықты сезіну;
   б) қонаққа бару.
4. Таңертеңгі дене шынықтыруға неше минут уақыт бөлуің керек?
   а) 15 минут;
   ә) 10 минут;
   б) 20 минут.

?

1. Ұлы бабаларымыздың қандай өсиеттерін білесің?
2. Қоғамдық шараларда нендей нәрселерді қатаң сақтау керек?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

МАЗМҰНЫ

I. БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ – ӨЗБЕКСТАН

Отан-ана 4
Ата-бабалар мұрасы – баға жетпес мақтанышымыз 6
Ұлы бабаларымыздың өнегелі істері 8

II. ЖАНҰЯ – ҚАСИЕТТІ ОРЫН

Ата-ана – ғазиз де құрметті 10
Отбасындағы менің орным 12
Кәрісі бар үйдің перісі бар 13

III. ӘДЕП – АДАМНЫҢ КӨРІК-КЕЛБЕТІ

Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу әдебі 17
Кішіпейілділік және шынайы қарым-қатынас 20
Сөйлесу әдебі 23
Қарым-қатынас мәдениеті және сөйлесу әдебі 26
Сыртқы келбет және жинақылық 28
Жақсы қасиет – адамдық зейнет 31
Жомарт та кішіпейіл болыңдар 33

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өзіңе-өзің қызмет етуді үйрен 35
Меймандостық – тамаша қасиет 39
Қоғамдық шараларға қатысу әдебі 41
Киіну мәдениеті 43
“Қонақ күту” ойыны 45

IV. ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУ

Достықты қадірлей біл 48
Еліміз достықпен көрікті 49
Дос таңдау және танысу ережелері 51
Тәртіпті де тәрбиелі бол 53
Мүлкін сақтаған қор болмайды 57
Демалу, денсаулық сақтау және
білім алу құқықтары туралы 59
Денсаулық – терең байлық 63
Қуанышты күндерді атап өт 63
Отбасылық шаралар және құтты
мерекелер 65
Ана табиғатты ардақтайық 67

V. ЭСТЕТИКА

Біздің өміріміздегі театр 70
Ертегілер – жақсылыққа жетелер 72
Бейнелеу өнерінің адам кемелдігіндегі
орны 74
Тәрбиелілер байқауы 75
Бақылау жұмысы 76

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Хасанбоева, Ойша

О-31 **Әдепнама:** Жалпы орта білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық/ О. Хасанбоева, М. Иноятова, А. Нематова. – Төртінші басылуы, – Т. «O‘zbekiston milliy ensiklopediyasi» Мемлекеттік ғылыми баспасы, 2018. – 80 b.

ISBN 978-9943-02-614-3

УЎТ: 177=512.122(075.2)
КБТ 74.200.51

O‘quv nashri

Oysha Hasanboyeva, Muhayyo Inoyatova,
Adolat Ne’matova

ODOBNOMA
2-sinf uchun darslik

(Qozoq tilida)

To‘rtinchi nashri

«O‘zbekiston milliy ensiklopediyasi»
Davlat ilmiy nashriyoti
Toshkent — 2018

Аударған	*А. Ташметов*
Редакторы	*А. Рахманұлы*
Суретшісі	*Б. Мұхамедов*
Корректоры	*Д. Аханова*
Компьютерде беттеген	*А. Еқубжонов*

Баспа лицензиясы AI № 160, 14.08.2009.

Басуға рұқсат етілді 16.05.2018. Пішімі 70x90 $^{1}/_{16}$. Кеглі 16.
Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 6,11.
Есептік баспа табағы 5,22. Таралымы 5737 дана. Тапсырыс № 18–188.

“O‘zbekiston milliy ensiklopediyasi” Мемлекеттік ғылыми баспасы.
Ташкент – 100011, Науаи көшесі, 30-үй.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінің баспаханасында басылды.
Ташкент – 100011, Науаи көшесі, 30-үй.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жалға берілген оқулық жағдайын көрсететін кесте

Р/с	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылы соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кесте сынып жетекшісінің қолымен төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырылады:

Жаңа	Оқулықтың пайдалануға алғаш берілгендегі ахуалы
Жақсы	Мұқаба бүтін,оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық беті түгел,өшірілмеген,жазылмаған,шимайланбаған.
Қанағаттанарлық	Мұқабасы мүжілмеген, парақтары біраз сызылып, бұрыштары жыртылған. Оқулықтың негізгі бөлімдерінде бір-бірінен ажыраған жерлері бар, пайдаланушы оларды қолынан келгенінше желімдеп, жөндеген. Жыртылған парақтары қайта жапсырылған, кейбір беттері сызылған.
Қанағаттанарлық емес	Мұқаба әбден мүжіліп, жарамсыз күйге түскен. Негізгі бөлімдері бір-бірінен ажырап кеткен, кейбір бөлімдері жоқ. Нашар жөнделген. Беттері жыртылған, біраз парақтары жетіспейді, әбден шимайланып, боялған. Оқулық пайдалануға мүлдем жарамсыз.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE